

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 1054 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі Алматы қаласында орналасатын «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» және Талдықорған қаласында орналасатын «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Күзет және қадағалау бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің күзет бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер – аумақтық органдардың және оның ведомстволарының тізбесінде:

«2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті» деген бөлімде: реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті.»; мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 15-1 жолмен толықтырылсын:

«15-1. Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті.»; реттік нөмірі 16-жол алып тасталсын;

Министрліктің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен оның

ведомстволарының тізбесінде:

«2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті» деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 95-жолмен толықтырылсын:

«95. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің күзет б ө л і м і . » .

2) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының л и м и т т е р і н д е :

1 - б ө л і м д е :

40) тармақша деген мынадай редакцияда жазылсын:

«

40)	Түзеу мекемелері	9845
-----	------------------	------

» ;

мынадай мазмұндағы 41-1) тармақшамен толықтырылсын:

«

41-1)	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің күзет бөлімі	151
-------	---	-----

».

4. Алматы облысының әкімдігі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесін орналастыру үшін үй-жай б ө л у г е ж ә р д е м к ө р с е т с і н .

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов*